



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қалауыңыз бойынша өмір сүру. Жақсы демалып, спортпен айналысып, денсаулықты күту керек. Күнделікті ас ішіп, аяқ босатудан да басқа қызықты нәрселер бар екенін ескеріп, өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысу, ақыл-ой көкжиегін кеңейту, көп іздену, біліміңізді кеңейту, күйгелек болмау, міне, қорғанудың жолдары. Бұдан өзге жол жоқ. Көңіл күйіңізді түсіретін ойларға берілмеуге, жақсы үміттерге сенуге тырысу қажет.

Стресс кезінде дене шынықтыруға бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлу керек. Тіпті болмаса, ән айтып, далада серуендеуге тырысқан жөн. Барлығынан безіп, жападан-жалғыз теледидардың алдында жатқан адамның стресстен құтылуы екіталай. Өзіңізге жақын адамдармен жиі араласыңыз, отбасындағы, туған туыстардың үйіндегі тойларға, қонақтықтарға жиі барыңыз. Сіздің қамқорлығыңызға, мейіріміңізге зәру ата-аналарыңыздың, үлкендердің, қарттардың, бауырларыңыздың хал-жағдайын сұрап, көмектесуге тырысыңыз. Біреуге жақсылық жасаған адамның көңіл күйі көтеріліп қалады.

Қорыта келгенде, ең бастысы, кез келген жағдайда сабырлы болуға тырысыңыз. Өмір болған соң, қиындық болмай тұрмайды, сондай жағдайларда ең бірінші сабырлылық керек. Қиындықтың барлығы да өтпелі, сондықтан өмірден түңіліп, ашуға берілуге, сөйтіп, өз денсаулығыңызды нашарлатып алуға жол бермеңіз.

Қолданылған әдебиет

1. Назарбаев Н. «Қазақстан – 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім 1998. -96 бет.
2. Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. Москва, 2010. -345с.
3. Рыскалиева Ф. «Стресс және өмірлік қиындықтар», Жайық Пресс 29.08.2014ж
- 3 Абеуова И.Ә, Ермекбаева Л.К. Әлеуметтік психология. А., 2012ж. -36-40.
4. Коломенский Я.Л. Психология взаимоотношений в группах. М., Изд., ТГУ.1996
5. Китаев-Смык А.А. Психология стресса. - М., 1983. -45-46с.

УДК 364.4

ХАЛЫҚТЫҢ ӘРТҮРЛІ КАТЕГОРИЯЛАРЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Көшербай Раушан Аспандиярқызы

raushana_93kz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті «әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4 курс студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.И. Манасбаева

Әлеуметтік жұмыс қоғамдық өмірдегі құбылыс ретінде, міне, 100 жылдан астам уақыттан бері әр түрлі ғылымдардың зерттеу объектісі болып келеді. XIX және XX ғасыр шегінде көптеген Еуропа мемлекеттерінде (Ұлыбритания, Германия, Нидерланды, Швеция және Франция және АҚШ-та) қайырымдылық ұйымдарымен қатар дамыған кәсіби қызмет ретінде әлеуметтік жұмыс пайда болды. Ол кәсіби қызмет ретінде қайырымдылықтың және мұқтаждарға мемлекеттік көмек жүйесін құрудың дамуы нәтижесінде мүмкін болды. Оның XX ғасыр басында туындауы – адамзаттың қарапайым идеясын түсінгендігінің нәтижесі: мұқтаждарға көмек нәтижелі болу үшін, ол кәсіби болуы керек, бірақ бұл қорытындыға келу үшін мыңдаған жылдар қажет болды. Мұқтаж адамдарға білікті көмек көрсете алатындардың қажеттіліктері әлеуметтік қызметкерлердің пайда болуына алып келді. Мұқтаждарға кәсіби көмек көрсету мен адамдардың мейірімділік сезімінің дамуына үлесін қосқан қайырымдылық қызметі де қатар жүрді [1].

Ежелде туындаған қайырымдылық қызмет әрқашан мұқтаждарға қайтарымсыз көрсетілетін көмек деп қарастырылады. Әлеуметтік жұмыстың мүмкіндікке айналуы (немесе

басқа сөзбен айтқанда оның мамандық ретінде пайда болуы) мамандар дайындаудан басталды. Мұндай дайындықтар келешек әлеуметтік жұмыскерлер білім ала алатындай арнайы оқу орындарының ашылуын қажет етті. Мамандарды дайындау әлеуметтік жұмыстың қалыптасуына деген алғашқы қадам болды, одан кейінгі қадам – оның ұйымдастырушылық құрылымын жасау. Алғашқы әлеуметтік қызметкерлер ұйымы толық дамымады. Бірақ олар қоғамның дамуы үшін сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлер құқықтары үшін өз еңбектеріне ақы алу үшін күресті. Кез келген мамандық сияқты әлеуметтік жұмыста өз еңбектері үшін материалдық емес сый ақы алған мамандар жиынтығын көрсетті.

Әлеуметтік жұмыстың тарихи шарттары жөнінде сөз еткенде ең алдымен өзінің түбірімен ежелгілікте қалып отырған қайырымдылық қызметін көрсету керек. Қайырымдылықтың қызметі болған тарихи формалардың бейнесі оның адам мәдениетінің бөлінбейтін элементі болғанын, батыс, шығыс деп бөлінбегеніне куәландырады. Қайырымдылық мұқтаж адамдарға көмек ретінде қазіргі таңда қоғамдық бір бөлігіне айналды және де адам келешегін онсыз елестету мүмкін емес. Әлеуметтік жұмыстың тарихи шарттарын қуатын мұқтаждарға көрсетілетін мемлекеттік көмекке келетін болсақ, ол Батыс елдерінде буржуаздық қарым-қатынастың түбегейлі бекінуіне әкелген өндірістік төңкеріс әсерінен белгілі бір деңгейде ынталанған болаты [2].

Осы заманғы зерттеулердің теориялық аспектілерінде әлеуметтік жұмыс пәнаралық және интегративті сипатта көрінеді. Әлеуметтік жұмыстың дамуына психология, социологияның әсері көп, сол сияқты педагогика, психиатрия, антропология, заң және кейбір теориялық тұжырымдамалар мысалы: күнделіктілік теориясы әлеуметтік жұмыс қоғамдық құбылыс ретінде пайда болып, кейіннен нақты әлеуметтік институтқа, сөйтіп тану объектісіне, түрлі күнделікті жағдайдан ғылыми теориялық деңгейде қалыптасады. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік бағытталған теория моделінің классикалық позитивизмге әсері сезінеді (О.Конт, Дж.Милль, Т.Спенсер). Социологиядағы позитивизм және әлеуметтік жұмыстың теориясы өзгермейтін заңдар қызметін және қоғам мен адамның дамуы, табиғи процесс немесе бөлік ретінде қарастырылады.

Құрылымдық функционализм және әлеуметтік жұмыс теориясының дамуына белгілі әсер етіп, әлеуметтік жұмыс былайша қарастырылады.

- кең әлеуметтік жүйенің бөлігі, өзінің қызметі мен рөлі;
- кейбір мекемелердің іс-әрекетінің жүйесі, әлеуметтік іс-әрекеттердің жиынтығы, әлеуметтік институт.
- ішкі құрылымдар жүйесінің сипаттамасы.

Әлеуметтік жұмыс – бұл теория ғана емес, ол адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттік қарым-қатынасының өнері. Ескере кететін жайт, әлі әлеуметтік жұмыстың технологиясы мен әдістері жеткіліксіз. Біз әлеуметтік жұмыста әлеуметтік жұмыстың мынадай объектілері: жұмыссыздар, босқындар, тұрақты орны жоқ адамдар. Осыған орай, әлеуметтік жұмыстың жаңа әдістері пайда болуда - әлеуметтік жұмылдыру жұмысы және стиверк (көшедегі әлеуметтік жұмыс). Бұл әдіс Америка Құрама Штаттарында пайда болды, содан кейін Австралия, Германия, Франция және басқа Еуропа елдерінде тарады.

Біздің еліміздегі әлеуметтік жұмыс саласында өзекті мәселе қоғамды іздендіру деңгейі, адамның негізгі құқықтарын сақтау, әлеуметтік қорғау деңгейін дәлелдеуі оны маңызды іс-әрекет ретінде мойындауы еліміздегі әлеуметтік жұмыс саласындағы өзекті проблема болып отыр. Өкінішке орай, өмірде түрлі бақытсыздық, аурулар, отбасын, әлеуметтік топты сыртқы ортадан көмек сұрауға, тұрмыс жағдайын сәтсіздікке ығыстырады. Отбасы мәселесі, ерлі-зайыптылар арасындағы немесе ата-ана мен балалар қатынасы кез келген отбасында оның әлеуметтік статусымен материалдық жағдайында келеңсіз жағдайлар туындауы мүмкін [3].

Жасөспірімдердің өтпелі кезеңдегі немесе қарт адамдардағы проблемалар және халықтың бұл категориясы, әрі олардың жақындары осы мәселені шешуде көмек пен шешіміне мұқтаж. Сондықтан бүкіл әлемде әлеуметтік жұмыс барлық топтарға және

мүгедектерге қажет, дегенмен кейбіреулер оны потенциалды қажет етеді.

Әлеуметтік жұмыс кәсіби іс-әрекеттің түрі және әлеуметтік институт ретінде күшті теориялық базасыз өмір сүре алмайды. Әлеуметтік жұмыс түрлі теориялардың парадигмаларына сүйенеді. Қазіргі заманғы әдебиеттерде әлеуметтік жұмыстың түрлі тұжырымдамалық тәсілдері беріліп, оның іс-әрекетінің мазмұнын түсінуге байланысты. Мысалы, әлеуметтік жұмыс саласының бірден бір маманы Л.Гусляков әлеуметтік жұмыстың 4 түрлі парадигмасын анықтайды: «радикалды-гуманистік», «радикалды-құрылымдық», «түсініктемелік», «функционалистік».

«Әлеуметтік технология» атты түсіндірмелі сөздікке екі түрлі тәсіл берілген: жүйелі немесе құрылымдық және әлеуметтік психологиялық.

Шын мәнісінде әлеуметтік жұмыс түрлі дауларды шешуге бағытталған әрекетке бағытталған. Чикаго мектебінің өкілі Роберт Пак даулардың жақсы қызметтерін атап берді: «жанжал бар жерде, мінез-құлық зерделі және саналы; тек осындай жағдайда рационалды бейнесі бар».

Әлеуметтік жұмыс жағдайында жанжалдар бірнеше деңгейде қарастырылады.

1. Жанжал берік әлеуметтік теория ретінде - әлеуметтік қызметкерлердің методологиялық база қызметі.

2. Жанжал орта деңгейдегі теория ретінде – ол әлеуметтік қызметкерге жанжал теориясын өз әрекетінде қолданудың негізгі тәсілдерін әлеуметтік қайшылықтарды шешуге қолданады.

3. Жанжал технологиясының санының алдын алу, болжау, шешу, басқару.

Жылдар бойы басылып келе жатқан қарама-қайшылықтар, тұрғындардың көпшілік бөлігінің бүгінгі жағдайының жақсаруының болашағы, криминогендік жағдайлары, билік саясатының құрылымы т.с.с. әлеуметтік субъектілердің бұрынғы шашыраңқы қарама-қайшылықтарының бірігуіне әкеледі, социумның жанжалдығының бір ағынға қосылуына, қоғамның терең ыдырауына, байланыстардың үзілуіне әкеп соғады [4].

Осылайша, қарама-қайшылықтарды жалпы басу жағдайында әлеуметтік салада туған жанжал қоғамның ыдырауының негізі болады, әлеуметтік қысымның өсуіне ықпал етіп, барлық деңгейде жеке адамның қоғаммен өзара әрекетке әкеледі.

Көпшілік жағдайда нақты жанжалмен әлеуметтік қызметкерлер айналысады, онда бір мезгілде құрылымның бұзылуы мен конструкциялық қызметтері. Мысалы, Ю.В. Растовтың пікірі бойынша, жанжалдың конструктивті рөлі әлеуметтік шындықпен бірдей және басқа деңгейде ол құрылым бұзылу маңыздылығымен толықтырылады. Әлеуметтік қызметкер өзінің жұмыс барысында кейде әлеуметтік жанжалмен өз объектісінің нақты іс-әрекеті кездеседі.

Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде адам қызметінің саласын көрсетеді, ол белгілі бір нақтылық жөнінде объективті ғылымды теориялық жүйелендіру және спецификалық-әлеуметтік қызметті мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған – жеке ұйымдарды, қоғамдағы топтарды, отбасыларды, индивидтерді, мамандарды кәсіби және қоғамдық қызмет ретінде айқындауға болады. Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде маңызды мәселелерінің бірі – көрсетілген объекттердің әлеуметтік мәселелерін шешудің тиімді әдістері мен технологияларын өңдеу және де әлеуметтік жұмыстың бар әдістер мен формаларын талдау.

Әлеуметтік жұмыс техникалық, әсіресе табиғи ғылымдармен байланысты. Бұның шеңберінде жүргізілетін зерттеулер бір жағынан, көп жағдайда табиғи ғылымдармен (соның ішінде медицинамен) байланысы тұрғысынан қарағанда ғылымның бөлімдері арасындағы сипатын білдіреді, ал екінші жағынан - әлеуметтанумен, психологиямен, педагогикамен, құқықтанумен және басқада әлеуметтік (қоғамдық) ғылымдармен байланысын білдіреді.

Әлеуметтік жұмыс елімізде әліде болса қалыптасу кезеңінде тұр. Ғылыми тәртіптің сипатты белгілері кәсіби журналдар мен ұйымдардың, оқу кафедраларының және оқулықтардың саны болып табылатынын айта кету кер

және әлеуметтік жұмыс теориясы, тарихы және әдістері туралы оқулықтар дайындалған және басылып шығарылған.

Алайда бұл ғылымның құрылу үрдісі аяқталудан әліде болса алыста. Сол себептен де аспиранттар мен докторанттар, философия, әлеуметтану, саясаттану, педагогика және психология мамандықтары бойынша дайындалуда [5].

Әрбір ғылым тарихылық және эмпирикалық білімдердің, теориялардың, әдістердің, әдістемелердің (техникалардың) қоспасын білдіреді. Әлеуметтік жұмыс ғылым тараулары ретінде оның ерекшелігі білім мен білгірліктің бірлігінен тұрады. Бұл оның негізгі қағидасы. Мұндай бірліксіз ғылым болмайды, мұндай бірліксіз Адам өміріне маңызды салада (облыста), әлеуметтік қызметкер қалыптаса алмайды.

Әлеуметтік қорғауды қоғам мен және оның түрлі құрылымдарымен жүзеге асатын шаралар жүйесіне, минималды өмір сүру жағдайының кепілдігіне және адамның өмірін қамтамасыз етуге қолдау көрсету деп түсінуге болады.

Әлеуметтік қолдауды тұрмыс қызметінде мұқтаж тұлғалар, жеке отбасылар және әлсіз әлеуметтік топтар жағдайын қолдауға бағытталған арнайы шаралар деп түсіндіруге болады.

Әлеуметтік көмек – бұл жеке тұлғаларға немесе халық топтарына өмір қиындықтарын жеңуге немесе жеңілдетуге, олардың қоғамдағы әлеуметтік статусын (беделін) табуына, қоғамға бейімделуіне көмектесетін жәрдем, қызмет және қолдау түріндегі әлеуметтік шаралар жүйесі.

Әлеуметтік жұмысты қоғам өмірінің барлық саласындағы адамдардың субъективті рөлінің жүзеге асуын тиімдету, өмір сүруді қамсыздандыру үрдісін және тұлғаның, отбасының, әлеуметтік және басқада топтардың, қоғам мүшелерінің іскерлік қабілеттерін дамыту мақсатындағы, адам қызметінің өзге түрі ретінде қарастыруға болады [6].

Ең бастысы әлеуметтік жұмыс түрлі қызметтердің бірі ретінде барлық адамдарды, әсіресе әлсіз топтарды қолдауға, қорғауға бағытталған. Мұндай қызмет түрінің адамның пайда болуынан оның даму кезеңдерінде өз орны болғаны анық.

Әлеуметтік жұмыс тек қана әлеуметтік «әлсіз» топтарға әлеуметтік қолдау шараларын жүргізу ғана емес, сонымен қатар, барлық халықпен әлеуметтік қорғау шараларын жүргізуге бағытталған. Бұл кең мағынада әлеуметтік жұмыс бүкіл халықтың әрбір азаматына тиісті.

Қолданылған әдебиет

1. Албегова И.Ф. Исследование мотивации социальных работников // Социологические исследования. – 2005. № 1.
2. Андрусак Н.Ю. Профессионально-значимые качества личности специалиста по социальной работе // Социальная педагогика и социальная работа XXI в.: проблемы и перспективы развития: Мат-лы всерос. заочной науч.-практ. конф. – Магнитогорск, 2006.
3. Шишкина О.В. Развитие специалистов по социальной работе в процессе профессиональной подготовки // Отечественный журнал социальной работы. 2008. - № 3. – с.79-84
4. Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» // Егемен Қазақстан, 2001 жылғы 10 тамыз.
5. Кремнева Т. Подготовка социальных работников за рубежом Социальная работа. – 2008. – №1. – с.46-49
6. Сарсенова Ж.Н. Әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы. – Алматы, 2004ж.

УДК 370.153:373.61.9

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА И ПСИХОДИАГНОСТИКА ИНДИВИДУАЛИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ